Оқушыларды қоғамдағы жаңа өзгерістер мен өз халқының тарихы, дәстүрі мен тіршілік ету, ойлау жүйесі туралы рухани негізін дамыта отырып, білім меңгеруге, еңбек етуге үйретуге қажет. Осы орайда қазақ халқының қолөнерін дәріптеу, оған мектеп оқушыларын баулу, шеберлігін дамытудың маңызы ерекше. Қазақ халық қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық жиынтығын айтады. Шын мәнінде қолөнер түрлерінің әрқайсысының талай ғасырлық тарихы бар.

Қазақ халқы өзінің күнкөріс тіршілігіне қажетті үй-жәй салуды, киім - кешек тігуді, азық - түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе - күн тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап өмір де, сән - салтанатта құра біледі. Бұдан біз халық шығармашылығының қандай түрі болса да, халық өмірімен, сол халықтың қоғамдық өмірімен, қоғамдық тарихымен, күнкөрісімен, кәсібімен тығыз байланысты екендігін көреміз.

Шеберлігін дамыту мәселесі іле де терең зерттеуді қажет ететіндігін айқындадық. Сонымен қолөнер бұйымдарын жасату технологиясын қазіргі заманауи талаптар негізінде оқушылардың шеберлігін дамыту жүзеге асыру мен педагогика ғылымында бұл мәселенің қажетті деңгейде зерттелмеуі арасындағы; сонымен қатар орта білім беретін білім мекемелерінде бұл проблеманы ендіруге байланысты педагогика ғылымының теориялық негізі мен олардың шешімін табуға мүмкіндік туғызатын оқу-әдістемелік нұсқаулардың жоқтығы арасындағы шешілуге тиіс мәселелерді топтау арасында қарама-қайшылықтары бар екендігін байқатты.


Халықтың ұлттық қолөнеріне әдеп-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал - жабдықтарда кіреді. Осы құрал-жабдықтардың шығу тарихының өзінің келешек ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесі мол. Киіз үйдің сүйегі, ағаш кереует, кебеже, сандық жасап, сырмақ кілем, аяққап, ши, кілем, түрлі бау, арқан жіп ескен, көннен және илеулі теріден

қайыс таспа тіліп, өрім өріп, қолдан әр алуан ыдыс аяқ, адалбақан, бесік және тағы басқа көптеген заттарды халық шеберлері өнерпаздар өз қалауымен жасап түрлі нақышына келтіре әшекейлеп ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп, тәрбиелеп жеткізген. Халықтың қолөнері адамдардың көркемдік талғамының қалыптасуына ерекше әсер етеді, жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруге қызмет етіп, оларды халқымыздың материалдық рухани мұраларын терең түсініп, оны бағалай білуге тәрбиелейді.

Орта мектептегі оқытудың негізгі міндеттері - білім беріп қана қою емес, білім мазмұны арқылы баланың өмірге, еңбекке, адамдарға, айналадағы ортаға, дұрыс қарым - қатынасын қалыптастыру. Оқыту мен тәрбие бір-бірімен байланысты процесс, бір нәрсенің екі жағы сияқты. Тәрбиелік сабақтың мазмұнын анықтай отырып, сабақ барысында оқу және тәрбие міндеттерін шешеді.

Тігін өндірісінде қолданылатын құрал-жабдықтар мен тігін машиналары

Қазықша- жаға, өңір ұштарын шығаруға арналған құрал.



Бор- бөлшектердің сызықтарын көшіруге, өлшем алғанда белгі қоюға арналған арналған, жуандығы 1 мм болатын тігін құралы. Оның орнына көбіне ұшталған сабын пайдаланады.





Сөккіш- жіптерді сөгетін тігін құралы.



Түйреуіштер- өлшем жүргізгенде, бұйымды пішкенде, кейде машинада тіккенде бұйымдарды түйреуге арналған құралдар болып табылады.



Көпшікше- түйреуіштер мен инелерді түйреуде қолданылатын құрал- жабдық.



1-сурет тігін машинасы

а - сенсорлық экран; *б* - қақпағы шпульды бөлімшесі; *в* - жеңдік платформа; *г* – қайшы салатын тартпа

ANOME SW – 24 тігін машинасы

1. Кері жүріс тетігі.
2. Тігісті реттейтін құрылғы.
3. Тігістің ұзындығын реттеуші.
4. Тігістің енін реттеуші.
5. Жіп орағыш стопор.
6. Жіп орағыш шпиндель.
7. Катушкалы өзек.
8. Жіп орағышты бағыттаушы.
9. Жіп бағыттағыш.
10. Жіп тартқыш рычагы.
11. Жіп берілісін реттеуші.
12. Алдыңғы бөлік.

13. Жіп кескіш.
14. Жіп бергіш.
15. Пластина.
16. Қысу табанын ұстаушы.
17. Инелі өзектің винті.
18. Ине.
19. Қысу табаны.
20. Қосымша бөлік (аксессуарларды сақтау орны).
21. Алып жүруге арналған ұстау тетігі.
22. Айналма дөңгелек.
23. Қосу тетігі.
24. Электр желісіне қосатын бөлік.
25. Бос жеңқап.
26. Түймелік рычагы.
27. Қысу табанын көтеру рычагы.

Тігін машинасымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері:

1. Жұмыс орнын ретке келтіру.
2. Шашты жинап, жеңді қайыру.
3. Машинада тіке, орындыққа толық жайғасып, денені жай ғана еңкейтіп, басты алға қарай иіп отыру керек.
4. Жарық жұмыс орнына сол жақтан немесе алдынан түсуі керек.
5. Тігін машинасын тікелей мұғалімнің жетекшілігімен іске қосу.
6. Машина мен жұмыс орындаушының ара қашықтығы 20 - 30 см
7. Аяқтар толығымен еденде немесе аяқ қойғышта (подставка) орнығуы керек.
8. Машина үстінде артық заттар жатпау қажет.
9. Машина тігісін бастарда бұйымда түйреуіштер немесе инелер болмауы тиіс.
10. Жұмыс бастамай тұрып орналасуын тексеру (табанды реттегіш бұранда жақсы ұстап тұр ма, ине тесігіне тура келе ме).
11. Матаны қойып, табанды түсірмей тігін машинасын жүргізуге болмайды.
12. Тігістерді ауыстырғанда инені жоғары көтеріп қою.

Машина тігістерінің түрлері:

Киімді дайындау кезінде әр түрлі жұмыстар атқарылады: қолмен, машинамен, ылғалды - жылулық.

Машина тігістері қолданылуына байланысты біріктіру, шет және әрлеуші тігіс болып бөлінеді. Біріктіру тігісі тігін бұйымының бөлшектерін біріктіру үшін қызмет етеді. Олар: сырып тігу, бастыра тігу, айыра тігу, жапсыра тігу, қосарлы және бүктемелі тігістер.

Бұл тігістермен (бүктемелі тігістен басқасымен) таныссындар. Біріктіру тігістері иық, бүйір қиықтарын, жеңдерді, иініш, қалта, қатпарларды біріктіру кезінде қолданылады.

Біріккен тігістерде бұйым бөлшектері тігістің екі жағында жатады. Мысалы, сырып тігілген тігісті жатқыза және айыра үтіктеуге болады. Айыра үтіктелген тігіс екі жағынан тігіммен бекітілген болуы мүмкін, яғни айыра тігілген.

Бүктемелі тігіс ақ жайма, жейде пішімді блузка, ерлер жейдесін тігу кезінде қолданылады.

Шет тігістері жаға, мойындық, өңір, қолтық ойындысы шеттері сетінеп кетпеуі және әрлеу үшін қолданылады. Шеттік тігістерге: жабық қиықты бүгіп тігу, жөрмеу, шеттіктеу (жиектеу) тігістері жатады.

Жөргелген тігіс өңір шеттерін, жаға, қаттама, қалталарды өңдеу кезінде қолданылады. Өңдеу кезінде бөлшек шеттерін біріктіріп жөргеуден кейін бұйым өңін айналдыру, сонан соң шеттік жасап айналдыра көктеу қажет.

Ашық қиықты бүгілген тігіс өңірдің ішкі жиегін, мойындық әдібін, қолтық ойындысын, бұйымның етегі мен жеңнің шетін өңдеу кезінде қолданылады. Бұйым етегін және жең қиығын өңдеу кезінде қиықтарды алдын ала арнайы машинада торлайды.

«Сәндік-қолданбалы өнер» көркем еңбек сабақтарында оқушылардың практикалық жұмысының дағдыларын қалыптастырудың теориялық негіздері

Оқушылардың үйлесімді тұлғасын қалыптастырудағы қазақтың ұлттық зергерлік бұйымдар жасауда еңбек тәрбиесінің рөлі

«Сәндік-қолданбалы өнер» бөліміндегі шығармашылық өнерлерін көркем еңбек сабақтарында қолданып, олардың практикалық жұмыстарына дағдыларын қалыптастыра отырып, жұмыстарын қадағалау.

Шығармашылық сөзінің төркіні, этимологиясы шығаруын ойлап табуын дегенге келіп тоқталады. Демек, жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте: шығармашылық қайталанбайтын, тарихи - қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс - әрекеттің деп түсіндіріледі. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыдағы болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп есептейді. Бұл пікір бүгінгі күнгі педагогиканың талаптарына сәйкес келуімен көңілге қонымды.

Шығармашылық (творчество) - қоғамның материалдық және рухани өмірін жетілдіруде бұрын болмаған жаңа, соны заттар, шығармалар және т.б. өндіретін, адамның танымға және шындықты түрлендіруге бағытталған саналы, мақсатты белсенді іс - әрекеті. Шығармашылық барысы негізгі белгілері тұрғысынан адамдардың кез - келген әрекеті үшін біртұтас болады. Ол өмірді мағыналық ұғынуды, жаңа шығармашылық жинақтау жасауды, жаңа идеялар көтерудегі зиялылық іс - әрекеті және оларды өмірге ендірудегі дене еңбегі іс - әрекетін біріктіреді. Өртүрлі іс - әрекеттің өзіне тән ерекшеліктеріне сай, шығармашылық барасыз да сан - қилы болады. Мұғалімнің оқушылардың дүниеге көзқарасы, өмірге және еңбекке ұлықтық - талғамдық қатынасы сияқты күрделі тәрбиелік міндеттерін шешуде шығармашылықтың ерекше мәні бар. Мұғалім шығармашылығы теорияны

терең білу, осы заманғы келелі мәселелерді мағыналы ұғыну болып табылады. Ол оқу - тәрбие міндеттерін жоғары тиімділікпен шешілуден, ойлаудың томаға - тұйық еместігін, өз ойын сауатты баяндау беруінен, зор сенімнен көрінеді, осылайша оқушы бойындағы қоғамдық белсенділікті оятады. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез - келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтуда. Шығармашылыққа деген қажеттілік күрделі рухани қажеттілік. Әзірге ол барлық адамдарда бірдей деуге болмайды. Ал қоғамда болып жатқан жаңару процестері әр адамнан күнделікті шығармашылық қайтарымды талап етіп отыр. [3]

Шығармашылық - бүкіл болмыстың, қозғалыстың, дамудың, бір сөзбен айтқанда тіршіліктің көзі, табиғат, қоғам құбылыстарында жеке адамның ақыл санысында, іс - әрекетінде, ішкі жан дүниесінде шығармашылықтың табиғи процестері үздіксіз жүріп жатады. Бұл процесс белгілі бір жүйемен дамиды. Ішкі шығармашылық процестері табиғат өзі басқарады. Ал сыртқы факторларды басқару, реттеу жеке адамның ой - санасына, айналысатын ісіне байланысты. Адамның шығармашылыққа деген жанданысты, оның өз жекелігін, өз қабілеттерін іске асыруға деген жолын ашады. Шығармашылықтың мәнін аша отырып, оның әрекетін ұғымымен тығыз байланысты екенін анықтауға болады. Шығармашылық және әрекет диалектикалық біртұтастықта құрайды. Әрекет шығармашылық тудырып, оны нақты болмысқа айналдырсы, ол шығармашылық әрекетті реттейді, оның амалдарын тиімділігін анықтайды.

Шығармашылық әрекеті оқушылардың бейімін, қызығушылығын дамытуды, олардың шығармашылық күшін дамытуды, олардың шығармашылық күшін жетілдіруді көздейді. Шығармашылық әрекет концерттік қойылым, көркемөнерпаздар байқауы, көркемсөз оқу, қолөнер шеберлері және сурет көрмесінің байқауын ұйымдастыру формасында көрініс береді. Осындай әрекет барысында оқушылардың адамгершілік, әсерленушілік және ерік - жігер қасиеттерін тәрбиелеу міндеттері атқарылады. Шығармашылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы қалыптасады. Ал шығармашылық ойлау деп ойдың жылдамдығын, икемдігі, тапқырлығы, дәлдігі алынады. Шығармашылық әрекет арқылы шығармашылық қасиеттер қалыптасады, әрі қарай дамиды. Қабілеттің шығармашылық деңгейге көтерілуі неге байланысты деген сұрақтар әрбір адамды мазалайды. Шығармашылық әрекет - өте күрделі процесс және ол адамға ғана тән. Шығармашылық - адам іс -әрекетінің түрі. Мұндай әрекеттің ерекшелігі даму деңгейі тек әлеуметтік факторларға емес, табиғи биологиялық факторларға байланысты. Бүгінде шығармашылық қабілеттердің дамуы басты нысана болып, ол оқушыда шығарымшылықтың белгілерінің болмауы үлкен проблемаға айналып, ойландыруға тиісті кезге жеткен сияқтымыз. Өйткені өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шеше білу, мемлекетімізді өркениетке жеткізу тек шығармашыл адамдардың ғана қолынан келмек. Тек

шығармашылық қана адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге, мүмкіндік туғызады. Шығармашылық - жаңа нәрсені ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

Кез - келген дамыған өндіріс қазіргі таңда шығармашылықпен жұмыс жасауды талап ететін адамды қажет етеді. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын адамның негізгі іс - әрекеті ақыл - ойға, әрі алған білімді басқа таныс емес іс - әрекетте тасымалдай алуға негіздейді. «Шығармашылық» ұғымы жөнінде Қазақстан Республикасы Орта білімді дамыту тұжырымдамасында: «Шығармашылық - бұл адамның өмір шындығында өзін - өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйюі, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет [4].

Егеменді елдің жас ұрпақтарын тәрбиелеу, талапқа сай білім беру, бүгінгі күннің уақыт күттірмес мәселелерінің бірі болып табылады. Сондықтан да бастауыш мектеп алдында балаға жүйеленіп, дайындалып берген белгілі бір білімді ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс жеткізе білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр.

Дамыта оқытудың да басты мақсаты - баланы оқыта отырып, оны шығармашылық бағытта жан - жақты дамыту. Бір нәрсені жасауға, тудыруға деген қабілеттілік балаларда мектеп жасына дейін де көрінеді. Адам бойындағы қабілеттерді дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін - өзі табуына көмектеседі. Өйткені, адам туынды ғана емес, тудырушы, жаратушы да. Ол өзін - өзі шынайы болмысына бастайтын жол іздеуі керек.

Адам өзін - өзі жетілдіруге де, сонымен қатар, сонымен қатар өзін - өзі жоюға да қабілетті болады. Адамның өз болмысын тануға ұмтылуға көмектесіп, тереңде жатқан, талап тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады» - деп көрсетілген Қазақстан Республикасы Орта білімді дамыту тұжырымдамасының жобасында. Кез - келген дамыған өндіріс қазіргі таңда шығармашылықпен жұмыс жасауды талап ететін адамды қажет етеді [5] .

Оқушының шығармашылық іс - әрекеті және оның мәнін түсіну үшін жеке тұлғаның ғылыми - педагогикалық зерттеулердің объектісі ретінде анықталу сипатын білу қажеттілік болып табылады. Шығармашылық іс - әрекет тұлғаны құраушы және оны айқындаушы фактор ретінде де қарастырылады. Жеке тұлғаның ерекшеліктеріне тән қасиеттер оның санасына, өзіне - өзінің сын көзімен қарауына, адам баласының есіне әсер ететін ішкі және сыртқы түйсік, түйсіктердің әсеріне және оның ерік - жігер күші мен әсерленушілік сезім дүниесіне байланысты құбылыс деген пікірді

біздер қуаттаймыз. Оның себебі, ұлы ғұламаларымыз осы ой - пікірде болған деп білеміз.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда сабақтарды түрлендіріп өткізудің маңызы ерекше. Мұндай сабақтардың тиімділігін атап өтсек: сабақ құрылымының ұйымдастырылуы, сыныптағы оқушылардың іс - әрекетін бақылауға қолайлылық, оқу - танымдық тапсырмаларды орындаудағы ұжымдық бірлескен әрекеттің жүзеге асуы, оқыту уақытының үнемделуі. Мектептегі оқу процесі оқушылардың іздемпаздығын, танымдылық белсенділігін арттырып, шығармашылық әлеуетін дамытуында жол ашуы қажет.

Оқыту процесі - екі жақты процесс болғандықтан, оқушының өзіндік жұмысы, дербес іс - әрекеті мұғалімнің басшылығымен қатар, олардың іздемпаздығын, белсенділігін, өз ықыласымен жасайтын әрекетін де керек етеді. Осыған байланысты кейбір педагогтармен психологтар оқушылардың өзіндік жұмыстарының негізгі ерекшеліктері олардың ықыласына және өз еркімен әрекет жасауына байланысты деп пікір айтады. Оқушылардың өзіндік жұмысының жоғары формасына олардың өз еркімен амал - тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстары жатады.

Оқушылардың шығармашылығын, іздемпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық, пәндік апталықтар мен ғылыми - шығармашылық апталық, жобалар, пәндік үйірмелер мен факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда оқушылардың қалауы, таңдауы мен ұсыныстарын ескеру қажет. Оқушылардың танымдық іздемпаздығы мен белсенділігін, шығармашылық бағыттылығына негізделген жұмыс түрлерін пайдалану - олардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Сондай - ақ мектептегі пәндік олимпиадалар, сайыстар, көркем өнер және техникалық көрмелер, түрлі шығармашылық кештер оқушылардың ізденіс қабілетін ұштап, дербес оң нәтижеге жетуге ықпал етеді.

Шығармашылыққа үйрету тұлғаның интеллектуалдық аспектісі ғана емес, оның психологиялық, мінез - құлық ерекшеліктерін де көздейді. Оған жігерлілік, жаңа жағдайларға бейімделуге икемділік, қаржылық пен табандылық, тәуелсіздік пен адамгершілік сезімі, ынтымақтастық, қажырлы еңбекке қабілеті, белгісіз жағдайдағы өзіне сенімділік, ақиқаты іздеудегі және қарым - қатынастағы адалдық жатады. Әр сыныптағы әр оқушыға байланысты мұғалім өзінің мақсатқа жету жолдарын іздейді. Ол оның үстіне басты шарты аталған қасиеттерді көрсетуге тырысады. Оқушылардың жоспарлы жұмыс істеуге және өз жұмысының нәтижесін өзі тексеруге, оларды тапсырманы орындаудың тәртібі мен әдістерін анықтай білуге, сабақта, бір күнгі, апта ішіндегі, ай ішіндегі өз жұмысын жоспарлай білуге ұсынылған критерийлер негізінде өз жұмысының нәтижесін талдау мен бағалауға, сондай - ақ мұндай критерийлерді өздері жасауға үйретуді көздейді [3].

Шығармашылық сабақтың базалық негізін анықтауда әр жағдайда сабақтың үйлесімді үлгісі таңдап алынды. Шығармашылық сабақтың мақсаты

оқушылардың өзіндік білімділік нәтижесін құру болып табылады. Оқыту сабақтарының шығармашылық сипаты оқушының танымдық белсенділігін оятып оның шығармашылық қабілеттерінің дамуына адамгершілік қасиеттеріне әсер етеді. Ұжымдық сабақтарда өзінің сыныптасының кемшілігін көруге өзгелердің ісінен сабақ алуға танымдық әлеуметтік ұстанымының қалыптасуына өз ортасының пікірінің әсері зор. Мұндай сабақтарда оқушылардың ұжымдық ой - пікірлері қалыптасады. Сабақ үстінде ұжымдық шығармашылық қалыптасуы үшін оқушылардың міндеттерін көрсетсек:

- өзіндік пікірлерін дәлелдеу;
 - пікірталастар мен талқылауларға қатысуы қажет;
 - өзінің жолдасына мұғалімдерге сұрақ қоюы;
 - жолдасының жауабына пікір айту;
 - сыныптасының жауабы мен жазбаша жұмысын бағалау;
 - үлгерімі нашар сыныптастарын оқытумен айналысу;
- үлгермеушілерге түсініксіз жерін түсіндіру;
- өз бетімен қиындау тапсырмаларды таңдау;
 - танымдық тапсырманың шешімдерін табуда бірнеше нұсқасын көрсету;
 - өзіндік бағалауға жағдай туғызу өзінің танымдық және практикалық әрекетін талдау;
 - танымдық тапсырмаларды шешуде бұрыннан білетін әдісті қолдану арқылы орындау.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда сабақтарды түрленіп өткізудің маңызы ерекше. Мұндай сабақтардың тиімділігін атап өтсек: сабақ құрылымының ұйымдастырылуы сыныптағы оқушылардың іс - әрекетін бақылауға қолайлылық оқу - танымдық тапсырмаларды орындаудағы ұжымдық бірлескен әрекеттің жүзеге асуы, оқыту уақытының үнемделуі.

Шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс - әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағлымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс - әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет, білігін ұштай түседі.

Бүгінгі уақыт талабы мәдени деңгейі мен шығармашылық қабілеті жоғары шәкірт әзірлеу. Сондықтан да шәкірттеріміздің ішкі сырын жасырын ұстайтынын ескерсек, олардың іскерлік дағдыларын және білім құмарлық талап - жігерлерін жетілдіруіміз қажет. Себебі, адамгершілігі мол, иманды, тәрбиелі оқушы кез - келген мемлекеттің байлығы. Оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу-ұстаздардың басты міндеті [3].

XXI ғасыр мұғалімі білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы, оқыту мен тәрбиенің соңғы жетістіктерін меңгерген педагогикалық- психологиялық

диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы қабілетті және есуі сүрлеуден арыла алатын, нақты тәжірибелік іс - әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді шығармашыл педагог зерттеуші, ойшыл болуды қажет етеді. Ол үшін оқушы бойындағы табиғат берген қабілетті дамыту, дарындылықтың көзін ашу қасиетті парызымыз.

Сондай - ақ дарынды оқушылармен нәтижелі жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби «бейнесі» мынадай қасиеттерден тұрады: жоғары кәсіби біліктілік, даралық қасиет, білімпаздық, ойлап табуға және ғылыми зертеу жұмысына қабілеттілік, кәсіби қызметін өздігінен жетілдіруге ұмтылушылық. Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа, жоғары талаптар қояды. Тіпті оның кәсіби жетілуіне өзгеше емтихан болып табылады. Ұлы ойшыл Плутарх кезінде былай депті: «Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұпарды есекке айналдырып құртып тынады». Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек.

Дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері немесе «дарындылық белгілері» психологтар арасындағы пікір таластардың негізі болып табылады. Талантты балалардың өмірінде және іс - әрекетінде байқалатын ерекшелік белгілері айқындалған. Мұндай белгілерді балалардың іс - әрекет ерекшеліктерін бақылаған кезде баяндауға болады [4].

Шығармашылық дарындылықтың белгілері әртүрлі болатындығы қиындық туғызады және де олар әлеуметтік ортамен тығыз байланысты. Бастауыш мектепте шығармашылық қабілеттілікті оқу әрекетінде көрінеді. Сондықтан әр бала бойындағы шығармашылық қабілеттері оқу әрекетінде көрінеді. Сондықтан әр бала бойындағы шығармашылық қабілеттерін бағыттап, тәрбиелеу қазіргі таңдағы ата - ана мен мұғалімнің тарапынан қолдау тауып отыруы қажет.

Оқу іс әрекетінде мұғалім мен оқушы тығыз байланыста болуы керек. Ол үшін мұғалім бар күш - жігерін, педагогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, үйлесімді дамытуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы қажет. Ал оқушы өз тарапынан белсенділік, дербестілік көрсетуі, өзіне деген сенімділігі арқылы шығармашылық әрекетті қалыптастыра алады. Менің байқағаным, сыныптарда шығармашылықпен жұмыс істеуге үйренген оқушы жоғары сыныптарда шығармашылық жұмыстың қай түріне болсын бейім болады және дұрыс жол табу үшін дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелдеді шешімдер қабылдай білуге тырысады. Сондықтан мұғалім ертегіні немесе әңгімені бастап беріп, оны аяқтауға оқушыға тапсыратын болса, балалар оны аяқтаудың түрлі жолдарын қарастырады. Қорыта айта кететін болсам мұғалім оқушыларды практикалық жұмысының дағдыларын қалыптастыруға баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда мен әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолдана

білсе бала күнделікті дамып практикалық жұмысқа дағдылары ынталандырып, олардың жұмысқа деген қызығушылығы оянады [4].

Шашбау мен шолпыға арналған дидактикалық материалдар

Шолпының түрлері көп: қоңыраулы шолпы, үзбелі шолпы, тізбелі шолпы, сағат баулы шолпы, моншақты шолпы, қозалы шолпы, сылдырмақ шолпы, көзді шолпы (орнатылған асыл тасына қарай маржанды шолпы, меруерт шолпы, ақықтық шолпы) алтын шолпы, күміс шолпы. Сұлу шашқа тағылған шолпылар қыз-келіншектер жүрген кезде күн сәулесіне шағылысып, көздік жауын алады.



Диаграмма 1– Шолпыны түрлерінің дидактикалық сызбасы

Иесі қозғалғанда, олар әсем дыбыстар шығарып, сұлу қыз, кермаралдай керілген кербез келіншектердің әсем жүрісіне үн қосып, ару сыны мен сымбатын одан әрі ажарлай түседі. Мұндай сұлуды қазақтар: «*Сыңғырлаған күлкісіне сылдырлаған шолпысы үн қосады*», - деп ардақтаған.

Шолпының күміс, алтын теңгелерден тізбелеп жасаған түрі – шаштеңге. Шолпы мен шаштеңге шашбауға немесе бұрымның ұшына байланады. Тәжірибелі халық шолпы таққан қыздырдың басы ауырмайды, шашы ұзын әрі сұлу, берік болып өседі, ерте түспейді деп жоралмалддаған. Шолпы, шаштеңге таққан қыз-келіншек мезгілсіз жүрмейді. Өйткені күміс сыңғыры «айтып» қояды.

Шашбау – шаштың ажарын аша түсетін зергерлек өнер туындысы. Сұлулар мен бойжеткендерге арналған халық өлеңдерінде «*Сылдырлап шашбауың мен алтын сырғаң*», «*Көрінер сұлу қыздыр шабауымен, бұрымның кейін сілкіп тастауымен*» деп жырланған. Шашбау түрлі түсті асылтас орнатылған, моншақ тізілген, ұзын күміс теңгелер мен сөлкебайлар тағылған бұйым. Шолпыдан өзгешелігі: ол бұрыммен қоса өріліп, теңгелері мен күмістері, тағымы шаш ұшына байланады.



Диаграмма 2 – Шашбау түрлерінің дидактикалық сызбасы

Көркем еңбек сабақтарының оқушылардың ойлау қабілетін дамыту жолдары (шолу - көрме, шығармашылық жұмыстары, сабақ барысында т.б.)

Бүгінгі заман талабына сай бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеуде оқушыларға қажетті білімді меңгерудің тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін іздеу, сол талапқа сай болу әр ұстаздың міндеті.

Қазіргі мұғалім оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда креативтіліктің қандай маңызы барын жақсы түсінуі керек. Креативті ойлау оқушының өмір жағдайларына тың көзқараспен қарап, өзіне тиімді, қажетті болашаққа сенім артатын шешімдер қабылдай білуіне ықпал етеді. Креативті ойлауды үйренуге, үйретуге болады ма деген пікір болуы мүмкін. «Мен болады» деп айтқым келеді.

Креативті ойлау қабілетін дамытуда технология пәнін оқыту мәселесімен байланыстыру оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады деп ойлаймын. Өйткені қазақ тілін төменгі сыныптарда қызығына меңгерген оқушылардың жоғары сыныптарға барғанда, қызығушылықтары төмендеп, селқостық пайда болатыны белгілі. Креативті оқыту әдістерін технология пәнінде оқытуда пайдалану оқушылардың креативті ойлау іскерлігін дамытумен қатар, қазақтың мәдениеті туралы, жалпы қолөнер туралы оқу сауаттылығын, білімін арттыруға көмектеседі деп ойлаймын.

Пәнге деген қызығушылықты ояту үшін мұғалім сабақта оқушының ойлау белсенділігін оятатын әдіс-тәсілдерді үнемі қолданып отыруы керек. Сондықтан сабақта қолданылатын әдістерді таңдағанда, сабақты жоспарлағанда, мұғалім оны оқушының қажеттілігі мен қызығушылығын дамытатындай етіп таңдап, іріктеп отыруы керек.

Пәнге деген қызығушылығын арттыра келе, оқушыларды технология пәнінде, қазақ халқының қолөнер тұрмысында жиі кездесетін тігу, өру, творчестволық өнеріне тоқтала кетейік.

Қазақ халқының қолөнері деп тұрмысында жиі қолданатын өру, тігу, тоқу, бейнелеу, құрастыру сияқты творчестволық өнер жиынтығын айтады. Шын мәнінде қолөнер түрлерінің әрқайсысының талай ғасырлық тарихы бар. Құрақ көрпеше үй жиһаздарының бірі. Тұрмысымызға көрік берер сәнді

бұйымдардың бірі. Ол ата – бабаларымыздың дәстүрлі төсеніші болған. Кезінде оны апа — әжелеріміз бірден пішіп, қырқып құрастыра берген. Құрақтан қолдорба, шай дорба, кесеқап, т.б. бұйымдар жасауға болады. Құрақ сан түрлі бұйымдардан құрастырылады. Мата қиындыларынан әр түрлі өрнек құрағын жасауға болады. Құрақпен өзге елдер де шұғылданады. Бірақ оны әрқалай атайды. Мысалы: қазақ халқы «құрақ» деп атаса, орыс халқы «құрақ мозаикасы» немесе пэчворк деп атайды. Құрақ «құрау» деген сөзден шыққан Әсіресе, мақта матасынан алынған құрақ төзімді болады, әрі жуылғаннан кейін қыртыстанбайды. Барқыт, шибарқыт, драп бұл маталар құрақ құрауға қолайлы, әрі тиімді, төзімді келеді. Құрақ әр түрлі геометриялық фигуралардан тұрады.

Құрақтың бірнеше түрі бар. Атап айтсақ олар: сегіз жапырақ, итбабан, қызғалдақ, ботакөз, тұмарша, ши орау, жұлдызша, тырна, қайшы, айшық, т.б. Осы құрақтан сан алуан қиықтардан тұрады. Құрақты құрау кезінде қойылатын талап – ол мата бөлшектерінің симметриялы болуы және матаның негізгі арқау жіптерін ескеру керек және түстерінің үйлесімді болуын ескергеніміз жөн. Бұл өнер ептілікті, икемділікті қажет етеді. Әр істі бастар алдында мынадай халық мақалын есте ұстаған дұрыс: «Талаппен бастап, талғаммен аяқта». Осы мақалды қалай түсінеміз? Кейбір оқушымыз жұмысын аяғына дейін орындамайды. Жұмысты болғаннан кейін шыдамдылықпен, төзімділікпен аяқтауымыз керек.

Құрақ көрпе – дүрия, батсайы, торғын, шағи, шәлі, жібек, сәтен, атлас, т.б. матадан жасалып, сырты кестеленеді. Тұтыну қажетіне қарай қалың, жұқа, үлкен, кіші етіп жасаса, дәулетіне сай арзан, қымбат материалдан дайындайды, соған сай бала көрпе, шәлі көрпе, төсеніш көрпе, жүн, қалың, атлас көрпе деген түрлері болады. Ал енді түрлі геометриялық пішіндегі мата қиындыларынан әшекей, өрнекпен құралып жасалған түрін құрақ көрпе деп аталады екен. Осы сипаттама беріліп отырған көрпе түрі – құра көрпе. Жамылғыш құрақ көрпенің беті қызыл және көк түсті көп сатылы фигуралармен өрнектелген. Сол фигуралар көрпе ұзындығы бойынша бой түзеген жолақтар симметриялы орналасқан. Көрпе бордюрі жасыл түсті велюрден жіңішке жолақталып тігілген. Ал, астары түрлі-түсті мақта (мақта) матадан тігілген.

Құрақтан жасалатын бұйымдар.

Қоржын. Зат салатын бұйым. Ертеде жарапазан айтқан балалар иығына қоржын арқалап, қазақ ауылдарын аралаған. Әрбір үй оларға қолында бар құрт, ірімшік, жент тәрізді тәттілерін беріп, күміс түйген орамалдар сыйлап, балалар өз отбасына қоржынын несібеге толтырып қайтатын болған. Алыс сапарға шыққандар да астындағы атына қоржын теңдеген. Тіпті, сүндетке отырғызған баланы атқа мінгізіп, ағайын аралартқанда да жанына қоржын байлағаны мәлім. Қазір түрлі қиықтардан жасалып, ою-өрнек салынған сәнді қазақы қоржындар құдағилар арасында жүріп, сыйластықтың бір дәнекері болуда.

Құрақ кеудеше. Көбінесе қыз-келіншектерге арнап жасалатын киім. Халқымыздың салт-дәстүрі бойынша, ұл - қыздары той-думанда ғана емес,

күнделікті өмірде де әдемі киініп, таза жүрген. Құрақ кеудешелер әрі сәнді, әрі жылы. Оны қай жерге де киіп баруға болады. Құрақ кеудешені жасарда оған таңдап алынған маталар тобының түр - түсі жағынан бір-біріне үйлесімді болғанына ерекше көңіл бөлінеді. Шеберлер қызылдың жанына жасылды, ақтың жанына қараны, көктің жанына сарыны қойып, әр түстің терең мәні мен сырын ашқан ғой. Құрақ кеудешені жасарда да ол қатаң түрде ескеріледі. Және де қолдағы материалдардың қиықтарының біртекті болғаны дұрыс. Яғни, құрақтар тобы бірыңғай мақта, бірыңғай пүліш, немесе бірыңғай жүн, жібек маталардың қиықтарынан құралуға тиісті. Бұл құрақтың тегіс, оңай құралуы үшін қажет. Және де бірыңғай мата түрінен құралған кеудеше, басқа да киім, бұйымдар кигенде, қолданғанда, жуғанда бір жері созылып, бір жері қысқарып кетпей, өз үлгісін сақтайтын болады. Жалпы, құрақ кеудешені қызыл, күлгін, қою көк, ашық көгілдір маталардың қиықтарынан жасаған дұрыс. Ал астарына тұтас мата алынады, кеудешенің етек-жеңін әдіптеуге тесьма пайдаланылады.

Тақия. Қазақ шеберлері ежелден-ақ құрақтарды қиюластырып тақия тігіп келеді. Құрақ тақиялар - өте сәнді баскиім болып саналады. Қызыл – жасыл, сары – көк тақиялар бойжеткендердің көркін құлпыртып, қос бұрымды шашына керемет жарасып тұрады. Шеберлер құрақ тақияларды негізінен, пүліш маталардың жарқын, ашық бояулы қиықтарынан тігеді. Бүйірін шаршы ішіндегі қайықшалардан құрастырады. Мұндай тақияның бүйіріне кемінде төрт түрлі түстегі құрақ пайдаланылады. Сонда құрақ тақия көрікті болып шығады. Тақияның төбесіне шашақ тағылады.

Құрақ көрпе. Оны трикотаж тоқымалардың қиықтарынан да, жібек маталардың құрақтарынан да жасайды. Мұндай маталардан жасалған құрақ көрпелер жұмсақ болады. Трикотаж тоқымалардың қиықтарынан тігілген құрақ көрпенің ені жіңішкеуе, ұзындығы екі метрдей үлгіде келеді. Бұл көрпені сегіз шаршы етіп топтастырған оңды. Әр шаршы жеке құрастырылып, оларды қиықша үшбұрыш түрінде бір - бірімен жымдастырып тігеді, астары жұқа жүн матадан жасалады, екі арасына синтетикалық синтепон матасы салынады. Ал енді жібек құрақты жұмсақ көрпені екі адам жамылатындай етіп, ашық түсті жібек маталардың құрақтарынан құрастырады. Бұл көрпеді құрақтар текше түрінде тігіледі. Оның ең оңай тәсілі дойбының тақтасындай етіп құрау. Жібек құрақ көрпенің шетіне тұтас материалдан белдеу жүргізеді. Астары мақта матасынан тігіліп, көрпенің ортасына синтепон салынады.

Құрақ көрпелердің бір шаршысын бөліп алып, оны орындыққа көрпеше етіп жабуға да болады.

Қиық сырмақ. Оны үйді әшекейлеп, қабырғаға ілу, тақта үстіне төсеу үшін жасайды. Кейбір дәулетті кісілер қиық сырмақты палас ретінде еденге де төсеп тастайды. Сырмақтың тұтас материалы үшін түйенің жүні қажет. Өйткені, ол әрі жұмсақ, әрі жеңіл, әрі жылы, әрі таза. Осы негізгі материалдың үстіне ұлттық ою - өрнек түріндегі құрақтар шаршылап орналастырылады. Сырмақ үстіне ою тек қана ашық және біртекті материалдардан әзірленеді. Сосын оны жымдастырып тігіп, шетін тегіс әшекейлеп шығады.

Құрақ жастық. Үйдегі құрақ көрпенің үстіне құрақ жастықты қойып,

қонақтар оған шынтақтап жататын болса, ол отбасын ерекше бір ұлттық сән-салтанатқа бөлеп тұрады. Құрақ жастықтарды қоңыр немесе жасыл, әйтпесе қою көк түсті материалдан жасап, бетіндегі өрнегін ақ немесе ашық сары түсті матадан орнатып, жиегіне ақ түсті әшекей жіп жүргізсе, ол тіпті көрікті болып шығады.

Аяққап. Түрлі-түсті құрақтардан жасалатын аяққап ыдыстар салуға арналған. Онда сақталған ыдыстар сынбайды, таза болады. Қазір үйдің ажарын ашу үшін ғана пайдаланылады. Бұрындары ол қазақ әйелдерінің ең қажетті бұйымдарының бірі болатын. Аяққаптың шағын түріне жіп, қайшы, тарақты, басқа да ұсақ-түйек заттарды салып қояды да айнаның жанына апарып іледі. Аяққап жасау үшін көбінесе екі түсті драп маталар таңдап алынады. Оның сыртқы бетіне ою салынады, бұл оюлар аяққаптың төрт бұрышында тұрады, аяққаптың ортасына, етегіне түсті жіптерден шашақ тігеді.

Қол қапшық. Бұрындары жас қыздардың жеке заттарын салып қою үшін жасалған сәнді бұйым. Оны қоңыр, қоңырқай драптан тігіп алып, беткі жағына қошқар мүйіз ою тігеді. Оюдың шеті өрнекті жіппен бастырылады. Бауы да драптан әзірленеді. Қол қапшықтың ауызы түймеленеді. Қол қапшықты жастар иығына іліп алады.

Сонымен, болашақ мамандардың дайындығын жетілдіру мен оқыту сапасын арттыру жоғары оқу орны үшін тек педагогикалық қана емес, сонымен бірге психологиялық мәселе:

1) оқу материалдары адам психологиясына зор талап қояды. Себебі, шындықтағы құбылыстардың сыр сипатын, мән-жайын ұғыну өте күрделі әрекет;

2) жоғары мектеп оқытушысы тарапынан жылылықты сезіну ілім алушының өзінің «керектігін», өмірдегі орнын, орнықтылықты сезінуіне мүмкіндік береді;

3) студенттерді оқу процесіне тартудың психологиялық жолы - оқытушының білім алушылармен байланыс орната білуінде;

Білім беру (оқыту мен тәрбие) үрдісін ұйымдастырудың психологиялық заңдылықтарын кейбір жалпы алғанда көптеген оқушылар үшін осы үрдісті ұйымдастырудың тәсілдері мен психиканың қалыптасу және даму ерекшеліктерінің аралығындағы қатынасы деп түсіндіреді.

Психиканың қалыптасу ерекшеліктері туралы сұрақ-қоршаған ортадағы және генетикалық факторларының күрделі қатынасы туралы-психологияны оқыту әдістемесінің төңірегінде ғана емес, сондай-ақ педагогика, медицина, философия, дидактика және т.б. ғылым саласында да осы құралдармен және эксперименттік ізденістермен таныстыру маңызды.

Осы білімдер келешекте студентке психологияның аталған іргелес ғылымдарды тиімді игеруге, сонымен қатар оқытушы ретінде нәтижелі қызмет атқаруға мүмкіндік береді.

Соның салдарынан темпераментімен, қабілеттерімен, мінезімен, ой түрі мен, тұтастай т.б. психикалық даму деңгейімен айрықшаланатын оқушылар мен жұмысқа дайындық жүргізу барысында студент-психолог өзінің

педагогикалық іс-әрекетін компонентті орындауда, тек психологияны оқыту әдістемесі саласында бүгінгі педагогикалық-психологиялық біліммен қаруланған жағдайда ғана нағыз маман бола алады.

Психологияны оқыту әдістемесі оқу үрдісінде алған фактілі материал мен теориялық білім берудің практикалық жағдайында (оқушылардың психологиялық таңдауы, педагогикалық-психологиялық диагностика және психикалық дамудың прогностикасы, оқытудың сәттілігінің болжамдауы және жақсы оқытуды қамтамасыз етуге қажетті психологиялық жағдайды анықтау, ата-аналармен жұмыс және т.б.) көптеген практикалық міндеттерді шешуге маңызды мәні бар.

Алған білімдердің орта білім беру жүйесіндегі реформаның психологиялық ерекшеліктері, мектептегі білім берудің ұлттық үлгісі, білім берудің дифференциациясы мен жекешеленген, оқушылардың кәсіптік бағдарын ұйымдастырудың психологиялық ерекшеліктері, білім берудегі информатизацияның психологиялық ерекшеліктері, тәрбие және оқыту жүйесі дамуының бүгінгі кезеңдегі психологияның рөлі мен орны, психологияны оқыту әдістемесі ғылыми практикалық пән ретінде және оның педагогикалық пәндер жүйесіндегі алатын орны, пәнге жалпы сипаттама және психологияны оқыту әдістемесі курсының мақсаттары деген сұрақтарға сенімді бағдарлануға мүмкіндік береді.

Ертеден-ақ кәсіп игеру мен білімнің қадірін білген қазақтар жастарға ел арасына белгілі кәсіп игертіп, өнер шеберлерінен тәлім алғызды. Қазақ баласының кәсіби білім алуы отбасындағы тәрбиемен басталып, қоғамдық сипат алады.

Кәсіп иегерлері жастарды ағаш және темір ұстасына, қол өнерінің өру, тігу, тоқу, илеу, шеку, құю, иіру, мүсіндеу, өрнектеу, кестелеу сияқты тәсілдеріне баулыды.

Отбасындағы данагөй қариялар жас ұрпаққа ата-баба дәстүрін, қасиетті танымдары мен сенімдерін, әдет-ғұрпын, салт-ырымдарын үйретсе, ру көсемдері халық шежіресін баян етті [21].

Қазақтар айналысқан кәсіптің барлық түрлері, оларды игерудегі ізденістер жастарды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, кәсіпке баулу ісімен тығыз байланысып отырады. Әсіресе кедей шаруаның балалары тұрмыс тауқыметінің салдарынан еңбекке ерте араласып, байлардың жұмысын істеп, малын күтіп, отын-суын дайындап, материалдық байлығын молайтып отырды. Тері мен шұғаға, киімге кесте тігу ісмерлігімен танылған кедей әйелдері бай қазақтың киіз үйін безендіруге пайдаланылды.

Отбасы мүшелерінің ынтымағына құрылған ұжымдық еңбек нәтижесінде қазақ балалары өмірге бейімделді, табиғат және оның құбылыстары, жануарлар мен аң-құстар әлемі туралы жалпы ұғым қалыптасып, рақымшылық сезімі оянды, ақыл-ойы жетілді [2].

XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының қолөнері ішінде киіз үй сүйегін, ағаш төсек жасау, ағаш өрнектеу, кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу кең өріс алды. Бұл кезде ер адамдарға арнап ер-тұрман мен белдік,

қыз-келіншектерге арнап сәукеле, шашбау, білезік, сырға жасап, оларды түрлі-түсті өрнектермен әшекейлеу өнері де өрістей түсті.

Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын тұтыну бұйымдары мен жабдықтардың сапасына жоғары талап қойып, олардың әрі ұнамды, әрі сәнді болуын қалады. Еңбек үстіндегі шығармашылық ізденудің нәтижесінде тұрмысқа керекті заттардың жаңа неше алуан түрлері жасалып отырды.

Халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға сай лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта беру ісін кейбір шеберлер қолға ала бастады. Бұл - өте игілікті іс. Оны ары қарай жаппай дамыту қажет.

Көпшелі өмір салты мен өнеркәсібі тудырған негізгі дүниенің бірі—киіз үй. Бәрі де - өнеркәсіптік құрал жабдықтар да, олар шығаратын бұйымдар да, осы бұйымдардың әсемдігі де киіз үйдің айналасына жинақтылағын. Міне, осылай киіз үйдің жиһаздары, кілемдер, тұскиіздер, текеметтер, сырмақтар, аяққаптар, баубасқұрлар, қайталанбастай болып әсем бұйымдар пайда болған.

Жүн өңдеумен әйелдер ғана айналысқан. Қазан төңкерісіне дейін осының бәрі мүлтіксіз сақталып отырды. Нағыз көркем еңбек болып табылатын әсем сазды әуенге толы ою-өрнекпен көмкерілген халықтық шығармашылық бүкіл елге тән болатын.

Төрт түлік малдың жүні халықтың өмір тіршілігінде үлкен рөл атқарған және оны ұқсатуды бұдан мыңдаған жылдар бұрын білген. Жүннен ең қажетті мүліктер жасалған.

Қазақ халқының шаруашылығында мал жүнінің ең асылы, бұйымдар жасуға ең көп пайданылатын түйе және қой жүндері, ешкі түбіті, оның қылы, жылқының жал-құйрығы, түйенің жүні, шудасы.

Халқымыздың дәстүрінде киім-кешек пен төсек орын жабдықтары, қалыңдық пен күйеудің баскиімі, белбеуі киімнің жең-жағалары мен балақтары әр түрлі жамылғыштар мен киімдер және басқа да осы сияқты жол-жорық, үй-іші мүліктері кесте өрнегімен жиі безендірілген.

Қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеу дәстүрі отбасындағы еңбек тәрбиесіне негізделген. Кәсіп пен өнердің түрлері олар үшін күнкөріс көзі ғана емес, рухани қажеттілік тәрбие құралы да болған.

Отбасындағы еңбек тәрбиесі екі түрлі мақсатқа: баланы еңбек етуге қабілет-икем дағдысын дамытуға немесе, сол негізінде оның бойында халықтық ізгі қасиеттерді дарытуға бағытталған. Балалардың отбасындағы еңбек дағдыларын одан әрі дамытуда елге танымал өнер мен кәсіп шеберлерінің халықтық тәрбиеші ретіндегі тәрбиелеу ықпалы зор болған.

Қорыта айтқанда, ұлттық қолөнердің тәрбиелік, тағылымдық мүмкіндіктері жоғары, өйткені ол ұрпақ тәрбиесіне кешенді түрде әсер етеді.

Тәрбие дегеніміз—адамды қайда жүрсе де өз орнын таба алатын, өз мүмкіндігін көрсете білетін, ойын ашық айтып, тыңдай алатын, ықпал ету, көмек көрсету, жанашырлық таныту сияқты адами мүмкіндіктерге ғана қол жеткізу емес, сондай-ақ, өзі өмір сүрер ортада тұлға ретінде танылып, бақытты өмір сүретін адам дайындау.

Сонымен қатар, тұлға – рухани адамгершілігі жоғары сезімдері дамыған, талғамы биік, өзінің іс-әрекеттеріне мақсат қоя білер адам - қоғамның ажырамас бөлігі.

Адамдар тұлға болып, өзіндік жеке бас ерекшеліктерімен бірден дүниеге келмейді, әрбір жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру осы заман ағымына лайықты азамат, білімді, ойлы, өмірге құштар болып өсуіне үлесімізді қосуымыз қажет.

Қай заманда болмасын, жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі, үлгі алатыны тарихи жеке тұлғалар екені белгілі. Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари секілді ғұламалар еңбектерінің, кеменгерлік сөздерінің балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің тұлғасын қалыптастыруда мәні ерекше.

Дамыған қоғамдағы тұлғаны қалыптастыруда ұзақ мерзімді педагогикалық әсер туғызатын әдістер тиімділігі, тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынас өздігінен қалыптаспайтындығын кеңес дәуіріндегі педагогтар П. П. Блонский, Н. К. Крупская, А. В. Луначарский, А. С. Макаренко, В. А. Сухомлинский, К. Д. Ушинский т.б. өз зерттеулерінде дәлелдеп берді.

Қазақстандық белгілі психолог-ғалымдар Ә. Алдамұратов, Қ. Б. Жарықбаев, М. Мұқанов, Т. Тәжібаев, А. Темірбеков, Г. А. Урунтаева, Х. Т. Шерьяданова зерттеулерінде оқыту үдерісіндегі жеке тұлғаның танымдық іс-әрекеті мен қабылдаудағы психологиялық ерекшеліктері туралы құнды ой-пікірлер айтылған.

Бүгінгі таңда жаңалыққа жаны құмар жас ұрпаққа заман талабына сай тәрбие мен білім беру, оны ұлттық құндылықтар арқылы жүзеге асыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр.

Ұлттық құндылықтарды құрмет тұтып, тәрбиенің қайнар көзі ретінде қарастыру қай заманда болса да маңызды мұқтаждық ретінде күн тәртібінде тұрары белгілі. Әсіресе, бүгінгі жаһандануға бет бұрып, әлемдік бәсекелестікке, оның талаптарына жауап беру жағдайында бұл мәселенің өзектілігі айшықталып отыр. [19]

Елбасының бұл жайлы «толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанмыз жөн» деген сөзі баршамызға салмақты міндеттер жүктейді. Сондықтан бүгінгі таңда басты мақсат–жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып, тәрбиелеу болып отыр.

Жер бетіндегі өмір сүруші әрбір ұлт өз ұрпағының жан – жақты тәрбиелі және мәдениетті тұлға болуын армандайды. Бала бойына рухани мұраларды сіңіре тәрбиелеудің бірі – ұлттық тәрбие.

Ұлттық тәрбие – рухани уыз. Халық көптеген тәрбиелік дүниелер туғыза отырып, олар арқылы баланың жеті қырлы, бір сырлы болып қалыптасуын қамтамасыз еткен.

Әр халықтың болашағы жастарына тәуелді. Егер әр халық жас ұрпағын

өзінің ұлттық рухымен тәрбиелемесе, онда ол елдің болашағы бұлыңғыр болмақтығын бүгінде ғалымдарымыз баспа беттерінде жиі жариялап келеді. Өйткені ұлттың барша мұрасы жастарға аманат етіледі. Ал жастар оны кейінгі буынға сол бай мұраны тапсырмаса, онда ұлттық атау біртіндеп жоғалары сөзсіз.

Сондықтан еліміздегі үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттық мәдениет, өнер және қолөнер негізінде біліктілік пен іскерлік қалыптастыру, мәдениеттілікке баулу, адамзат қоғамында бұрын соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу қажеттілігіне баса көңіл бөлу керектігіне мән берілген.

Осыған байланысты болашақ маман бойында кәсіби мәнді сапалардың қалыптасып, ол тұлға дамуымен ұштасып, нәтижесінде жас ұрпақтың біліктілігі мен іскерлігін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі артады. Аталмыш мәселенің әсіресе ел болашағының кілтін ұстап отырғанан жас буын – мектеп оқушылары үшін маңызы айрықша.

Алайда қолөнер бұйымдарын жасап үйрену, сол арқылы оқушылардың Оқушыларды қоғамдағы жаңа өзгерістер мен өз халқының тарихы, дәстүрі мен тіршілік ету, ойлау жүйесі туралы рухани негізін дамыта отырып, білім меңгеруге, еңбек етуге үйретуге қажет.

Халықтың ұлттық қолөнеріне әдеп-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал - жабдықтарда кіреді. Осы құрал-жабдықтардың шығу тарихының өзінің келешек ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесі мол.

Киіз үйдің сүйегі, ағаш кереует, кебеже, сандық жасап, сырмақ кілем, аяққап, ши, кілем, түрлі бау, арқан жіп ескен, көннен және илеулі теріден қайыс таспа тіліп, өрім өріп, қолдан әр алуан ыдыс аяқ, адалбақан, бесік және тағы басқа көптеген заттарды халық шеберлері өнерпаздар өз қалауымен жасап түрлі нақышына келтіре әшекейлеп ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп, тәрбиелеп жеткізген. Халықтың қолөнері адамдардың көркемдік талғамының қалыптасуына ерекше әсер етеді, жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруге қызмет етіп, оларды халқымыздың материалдық рухани мұраларын терең түсініп, оны бағалай білуге тәрбиелейді.

Халықтың ұлттық қолөнеріне әдеп-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал - жабдықтарда кіреді. Осы құрал-жабдықтардың шығу тарихының өзінің келешек ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесі мол. Киіз үйдің сүйегі, ағаш кереует, кебеже, сандық жасап, сырмақ кілем, аяққап, ши, кілем, түрлі бау, арқан жіп ескен, көннен және илеулі теріден қайыс таспа тіліп, өрім өріп, қолдан әр алуан ыдыс аяқ, адалбақан, бесік және тағы басқа көптеген заттарды халық шеберлері өнерпаздар өз қалауымен жасап түрлі нақышына келтіре әшекейлеп ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп, тәрбиелеп жеткізген.

Халықтың қолөнері адамдардың көркемдік талғамының қалыптасуына ерекше әсер етеді, жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруге қызмет етіп, оларды халқымыздың материалдық рухани мұраларын терең түсініп, оны бағалай

білуге тәрбиелейді.

Оқушыларды қоғамдағы жаңа өзгерістер мен өз халқының тарихы, дәстүрі мен тіршілік ету, ойлау жүйесі туралы рухани негізін дамыта отырып, білім меңгеруге, еңбек етуге үйретуге қажет. Осы орайда қазақ халқының қолөнерін дәріптеу, оған мектеп оқушыларын баулу, шеберлігін дамытудың маңызы ерекше.

Қазақ халық қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық жиынтығын айтады. Шын мәнінде қолөнер түрлерінің әрқайсысының талай ғасырлық тарихы бар.

Қолөнер – ежелден келе жатқан кәсіп екенін білеміз. Ол халықтың өмірімен, бірге тұрмысын дамып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келеді. Өнер туындыларының иесін шебер деп атаған.

Қолөнер шеберлері табиғаттың әсем көріністерін қолөнер бұйымдарында жиі қолданған байқамыз. Қолөнер дүние жүзінің әр халқында бар екенін білеміз.

Сонымен қатар әр елдің, әр халықтың тарихи дамуына, тұрмысына, тарихи ерекшелігіне және эстетикалық талғамына байланысты өзіндік ерекшелігімен өшпес із қалдырып келеді.

Қазіргі кезде, қолөнер элементтерін үй интерьерінде, киім сәндеу кезінде, бас киімді әшекейлегенде көп қолданып жүр.

Оның орындалу технологиясына да ерекшеліктер енгізіп отыр. Мысалы, ою-өрнекпен әшекейленген бұйымда қатырма жапсыру, моншақтармен, түрлі түсті тастармен безендіру жиі кездеседі. Неше түрлі жібек, жылтыр люрекс жіптері қолданылады. [4]

Дегенмен, көне заманнан келе жатқан қазақ қолөнері өз халқының дәстүрлі көркемдік мұрасын сақтап қалғанын білеміз. Сол қолөнердің бір түрі – кесте тігу және құрақ көрпе жасау.

Бірақ ерекшелігі – кестені ұсақ моншақпен, кішкене түйме тәріздес домалақ жылтыр материалмен орындау өте тиімді.

Қолөнерде жүнді пайдалану. Қазақ қолөнерінде пайдаланылған негізгі шикізат түрі - жүн. Оның табиғаттық қасиетіне зер салып, тиімділігі мен күнделікті тұрмыста қолайлы жақтарын қарастыра отырып, әдемілік жағына да көңіл бөлінді.

Құрақ көрпені пэчворк тәсілімен өндеу сабағына дидактикалық материалдар


Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын тәлімді, ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, дүниетанымы дұрыс дамыған азамат етіп тәрбиелеуде дидактиканың алатын орны ерекше.

Дидактика (гр. Didaktikos – тәлімді)– білім беру, оқыту, тәрбиелеу теориясы; педагогиканың үйренушілерге білімді, машық пен дағдыны меңгерту және тәрбиелеу заңдылықтарын зерттейтін, әр кезеңде берілетін

